

# Жергілікті Қамту Саласындағы Жалпы Саясат



## Саясат туралы қағида

«НКОК Н.В.» компаниясының жергілікті қамту жөніндегі саясаты Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісім (СКӨБК) мен қолданыстағы заңнама баптарымен реттеледі, сонымен қатар «НКОК Н.В.» компаниясының мақсаттарына, көзқарасына, құндылықтарына, бизнесінің бағыт-бағдарлары мен міндеттеріне негізделген.

«НКОК Н.В.» компаниясы Жергілікті қамту мүмкіндіктерін барынша арттыруға және жергілікті жабдықтаушыларға қолдау көрсетуге міндеттенеді, бұл ретте төмендегі қағидаттар мен талаптарды ұстанады:

- Жергілікті қамтуды басқару жүйесі мен Жергілікті қамту жоспарын әзірлеп, олардың тұрақты түрде компания қызметкерлеріне хабарлануын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- Дүние жүзі бойынша басқа ірі жобалардың Жергілікті қамту саласында жинақталған озық тәжірибесін және алынған сабақтарды пайдалану;
- Жергілікті қамтудың дамуына жағдай жасау мақсатында жергілікті салалық бастамаларға белсенді түрде қолдау көрсету;
- Компанияның Жалпы мақсаттар мен міндеттерде ескерілетін Жергілікті қамту жөніндегі стратегиясын әзірлеу.

## Міндеттер

Жергілікті компанияларды дамытудың негізгі коммерциялық себептері:

- кен орнын пайдалану лицензиясы – СКӨБК мен жергілікті қолданылатын заңнама талаптарын сақтау және мемлекет үмітін ақтау;
- тұрақты даму – Мұнай операцияларын жүзеге асыру үшін өзара тиімді және қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының экономикалық өркендеуіне және қоғамының әлеуметтік дамуына үлес қосу;
- коммерциялық артықшылықтар – СКӨБК қолданылатын мерзім бойына Жергілікті қамтудың тұрақты дамуын қолдау үшін СКӨБК шеңберіндегі Өндірістік операциялар барысында шығындар көлемін азайту мақсатында Қазақстанның жергілікті кадрлары мен компанияларының мүмкіндіктерін кеңейту және әлеуетін арттыру;
- бәсекелі нарық – дүниежүзілік стандарттарға сай бәсекеге жарамды тауарлар, жұмыс және қызмет түрлерін пайдалану мақсатында жергілікті жабдықтаушыларды дамытып, олардың мүмкіндіктерін арттыру.

## Қолданылу Аясы

«НКОК Н.В.» компаниясы жергілікті қамтуды барынша арттыру мақсатында:

- жергілікті мердігерлердің тауарларын / материалдарын сатып алуды және олар көрсететін қызметтер бойынша келісімшарттар жасауды қамтамасыз етеді;
- «НКОК Н.В.» компаниясы мен мердігер және қосалқы мердігер компанияларда қазақстандық кадрларды жұмысқа қабылдап, оларды дамытады;
- «НКОК Н.В.» компаниясының ұзақ мерзімді тұрақты коммерциялық пайдасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның жергілікті кадрлары мен компанияларының әлеуеттерін арттырып, мүмкіндіктерін кеңейтеді.

## Негізгі Қағидаттар

- Жергілікті қамту мүмкіндіктерін дамыту ДЕҚОҚ саласына, сапаға және келісімшарттың басқа да басты талаптарына кері әсерін тигізбеуі тиіс;
- үшінші тараптардың тартылуы көзделген келісімшарттарды беру және индустрияландыруды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде Жергілікті қамтуды дамытудың мақсаттары мен анықтаушы факторлары ескерілетін болады;
- «НКОК Н.В.» компаниясы қызметінің қағидаттарына сай жергілікті қамтудың дамуы тұрақты болуы тиіс.

***Жергілікті қамту жөніндегі осы саясатты қолдау және орындау – «НКОК Н.В.» компаниясының барлық қызметкерлерінің міндеті, бұл ретте осы саясат үшін басты жауапкершілікті Басқарушы директор атқарады.***

  
Оливье Лазар,

Басқарушы Директор

Шілде – 2021 ж.

№ LCD-A30-PY-0001-000 саясат